

#28-29

(1003-1004)

18 қазан

2024 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

# JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

## «БІЗ» БЕН «МЕН»-НІҢ АРАСЫ



4-5-БЕТ

## АНТЫНА АДАЛ АЗАМАТ



6-7-БЕТ

## ҚҰРЫҒЫ ҚҰТТЫ ЖЫЛҚЫШЫ



10-11-БЕТ

Қазақстанда  
жыл

# 30



## Табысты серіктестікке 30 ЖЫЛ

Болашаққа бірге ұмтыламыз

Біз 1993 жылы Қазақстанмен әріптестік орнатқан алғашқы халықаралық энергетикалық компаниялардың бірі болдық. Сол кезден бастап "Шеврон" прогресті алға бастырған алып қуаттың көзіне айналды.

Отыз жылдық тарихы бар стратегиялық серіктестік барысында біз мыңдаған жұмыс орындарын ашып, отандық тауарлар мен қызметтерді пайдаланып, жергілікті мамандарды жетілдіруге күш салу арқылы Қазақстан экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қостық. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемдік энергетикалық державаға айналды.

Бүгінгі таңда "Шеврон" Қазақстанмен табысты ынтымақтастығының 30 жылдығын мақтанышпен атап өтуде.

Біз адамдардың өмірін жақсартуға, әлеуеттерін арттыруға және болашаққа бірге қадам басуға дайынбыз.

Толығырақ ақпарат <https://www.chevron.com/worldwide/kazakhstan> сайтында



▼ BRENT \$74.55

▼ USD 489 T

▼ EUR 532 T

▼ RUB 5.05 T

**«АРМЕНИЯ – ЕЛІМІЗДІҢ СЕНІМДІ ӘРІ УАҚЫТ СЫНЫНАН ӨТКЕН ЖАҚЫН СЕРІКТЕСІ. БІЗДІҢ ХАЛЫҚТАРДЫ БЕРІК ДОСТЫҚ, ОРТАҚ ТАРИХ ЖӘНЕ ҰҚСАС МӘДЕНИ-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР БАЙЛАНЫСТЫРАДЫ». МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ОСЫ АПТАДА ЕЛІМІЗГЕ РЕСМИ САПАРМЕН КЕЛГЕН АРМЕНИЯ ПРЕЗИДЕНТІ ВААГН ХАЧАТУРЯНМЕН КЕЛІССӨЗДЕ ОСЫЛАЙ ДЕП АТАП ӨТТІ.**

болдым, – деп бастады ол сөзін. – Екі ел арасындағы достық қарым-қатынас ұзақ жылдарға жалғасады деп сенемін. Өйткені оның тарихи тамыры тереңде жатыр. Қазақстан – біздің сенімді әрі достас серіктесіміз. Бұдан бөлек, екі ел арасындағы экономикалық байланыс табысты

## ҚАЗАҚСТАН - АРМЕНИЯ: ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ДОСТЫҚ ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

**Қ**асым-Жомарт Тоқаев кездесуде Армения Президентіне ілтипат көрсетіп, еліміздің қазақ-армян ынтымақтастығын мүлдем жаңа деңгейге көтеруге мүдделі екенін айтты.

«Бүгінгі уағдаластықтар өзара байланыстың нығая түсуіне ықпал етеді деп сенемін. Біз қазақ-армян серіктестігінің негізі саналатын жоғары деңгейдегі кездесулерімізге ерекше мән береміз. Қазақстан Армениямен достық қарым-қатынасты жоғары бағалайды. Қазақ елінің армян халқына ықыласы ерекше. Армения – еліміздің сенімді әрі уақыт сынынан өткен жақын серіктесі. Біздің халықтарды берік достық, ортақ тарих және ұқсас мәдени-гуманитарлық құндылықтар байланыстырады. Екі жақты қатынастар барлық салада қарқынды дамып келе жатқанын айрықша атап өткім келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы биыл Қазақстан мен Армения арасындағы Достық пен ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылғанына 25 жыл толғаны аталып өтетінін, осы уақыт аралығында ауқымды институционалдық база қалыптасқанын айтты.

Сауда-экономикалық ықпалдастықтан бөлек, екі халықтың арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстар қарқынмен дамып келеді. Өткен



жылы Ереванда Армениядағы Қазақ театрының күндері өтті. Келесі жылы Сіздің еліңізде Қазақстан мәдениетінің онкүндігін ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бүгін Өзіңізбен бірге Арменияның Қазақстандағы мәдениет күндерінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысамыз», – деді Мемлекет басшысы.

Ваагн Хачатурян Қасым-Жомарт Тоқаевқа қонақжайлылық танытқаны үшін алғыс айтып, Қазақстанмен өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамытуға бейілді екенін жеткізді

«Қасиетті қазақ жеріне келгеніме қуаныштымын. Қазақстанның даму және өркендеу қарқынына тәнті

дамып келе жатқанын атап өткім келедә», – деді Армения Президенті.

Келіссөзде екі жақ сауда-экономикалық, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, қаржы, мәдени-гуманитарлық және цифрландыру салаларындағы ықпалдастықты нығайтудың перспективаларын талқылады. Сондай-ақ аймақтық және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер қарастырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан тарапы Әзербайжан мен Арменияның бейбіт келісімге келуі үшін Алматы алаңын алдағы уақытта да ұсынуға дайын екенін растады.

**БҮГІНГІ ЗАМАНДА АЛАЯҚТЫҢ «ҚОЛЫ ЖҮРІП», АЙЛА-АМАЛЫ ҚҰБЫЛЫП ТҰР. АУЫЗДЫ СӘЛ АҢҚИТСАҢ, АҚШАҢДЫ ҚАҒЫП ӘКЕТЕДІ. ӘСІРЕСЕ, ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ ОБАЛ. «ПӘЛЕН ЖЕРДЕ БІР КЕЙУАНА БҮКІЛ АҚШАСЫН ӨЗ ҚОЛЫМЕН БЕРІП ЖІБЕРІПТІ» ДЕЙТІН АҚПАРАТ ШЫҒАДЫ ДА ЖАТАДЫ. ОЛ АЗДАЙ, БАНККЕ ЖҮГІРІП НЕСИЕ АЛАТЫНЫН ҚАЙТЕРСІҢ. ӘНШЕЙІНДЕ ҚАРЫЗ БЕРГЕНШЕ «ҚАНЫҢДЫ ІШЕТІН» ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫ ДА ОСЫНДАЙДА ЖОМАРТ БОЛА ҚАЛАДЫ. БІРЕУДІҢ ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРІН ҚОЛҒА ТҮСІРІП, СОЛ АДАМНЫҢ АТЫНАН НЕСИЕ РӘСІМДЕГЕН ЖАҒДАЙЛАР ҚАНШАМА?**

**К**өптің көкейінде жүрген осы мәселені Мәжіліс отырысында Асхат Рахымжанов көтерді. Ол өзінің депутаттық сауалында алаяқтық жолмен несие алуға банктердің қатысы бар-жоғын тексеруді талап етті: «Бас прокуратурадан алаяқтық жолмен несие берген банктердің осы қылмысқа қатысы бар-жоғын тексеруді талап етеміз. Сондай-ақ банктердің кінәсінен зардап шеккен азаматтардың несиесін жоюды ұсынамыз. Оны банк өз есебінен жойсын. Сонда олар өздерінің ақпарат қауіпсіздігін күшейтуге мүдделі болады».

Сондай-ақ депутат екінші деңгейлі банктердегі барлық келісімшарттарды тексеретін жұмыс тобын құруды ұсынды.

Өйткені алаяқтық дерегі расталған күннің өзінде, сот көбіне банктердің жағына шығып, зардап шеккендерді несиені төлеуге мәжбүрлейтіні өтірік емес. Әсіресе, ауылдарда бір адамның атынан алынған несие сомасы 20-40 млн теңгеге дейін жетіп, оны төлеуге ғұмыры да жетпейтін жағдайлар болып жатады. Сөйтіп қарызы мұрагерлеріне өтеді. Депутаттың айтуынша, несиенің кесірінен өз-өзіне қол жұмсау да қалыпты құбылысқа айналып барады.

Мамандардың өзі жеме-жемге келгенде алаяқтық қақпанына түсу



## АЛАЯҚТЫҚ ЖОЛМЕН НЕСИЕ РӘСІМДЕУГЕ БАНКТЕРДІҢ ҚАТЫСЫ БАР МА?

оңай екенін ескертеді. Тіпті egov.kz порталында несиеден бас тартуды рәсімдеу де кепілдік бола алмайтын көрінеді.

А.Рахымжанов әдетте банк талабына сай келмейтін, тиісті табысы жоқ адамға несие алу қиын екенін айтады. Есесіне, алаяқтық схемамен зейнеткерге бірнеше несиені рәсімдей салу оңай. Демек бұл – банктің өзінде қандай да бір әрекет жасалмаса, жүзеге аспайтын шаруа.

«Сондықтан ел ішінде жолға қойылған бір тізбек бар екенін сеніммен айта аламыз. Жеке деректерге қол жеткізетін алаяқтар – банктерді қорғайтын сот – азаматтардың талабы мен өтінішіне құлақ аспайтын құқық қорғау өкілдері. Соның нәтижесінде банктер мен олардың қожайыны, сондай-ақ оларды қорғаштайтындар қалтасын қампайтуда», – дейді депутат.

ЦДИАӨМ ақпараттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Руслан Әбдіхалықов кешегі өткен брифингте мұндай түйткілдің бар екенін жасырмады. Оның айтуынша, банк қызметкерлері клиенттердің жеке деректерін бөгделерге берген жағдайлар бар. «Иә, өкінішке қарай, мұндай деректер кездеседі. Өткен жылы да, биыл да біз екінші деңгейлі

банктерде тексеру жүргізіп, осы үшін жазаға тарттық. Бірақ мұнда ондай бұзушылық нақты бір жағдаймен байланысты, яғни банк қызметкері белгілі бір сыйақы үшін керек деректерді беріп отырған», – дейді ол.

Руслан Әбдіхалықов алаяқтарға тосқауыл қою үшін call-орталық ашылуы мүмкін екенін жеткізді. Қазір олар ҰҚК-мен келіссөз жүргізіп жатқан көрінеді. Мұндай орталық мемлекеттік техникалық қызмет базасында болуы тиіс. Әрмен қарай Ұлттық банк пен байланыс операторының антифрод орталығымен кірігеді. Сонда келіп түскен кез келген белгі өңделеді, күдік туындаған жағдайда абоненттің sim-картасы мен мессенджердегі аккаунттары бұғатталады.

Бәлкім, алдағы уақытта мұндай орталық құрылатын да шығар. Нәтижесі де оң болар. Әйтсе де, әзірге алаяқ деген дәумен бетпепет келгенде жалғыз төтеп беруге тура келеді. Өйткені көбіміздің жеке дерегіміз шетелдегі алаяқтардың қолында. Біресе «тергеуші», біресе «антикор» болып қоңырау шалатындар солар.



**«СӨЗ САРАСЫ» ДЕГЕН ДҰРЫС ПА, ӘЛДЕ «САРАСӨЗ» ДЕП ҚОЛДАНУ ЖӨН БЕ? КӨПТІҢ КӨҢІЛІНЕН (ОНЫҢ ІШІНДЕ БІЗ ДЕ БАРМЫЗ) ШЫҒЫП ЖҮРГЕН «АБАЙ» ТЕЛЕАРНАСЫ АЛДЫҒЫСЫНА АЛАҢДАМАДЫ. СОҒҒЫСЫН ТАҢДАП, БІРШАМА УАҚЫТТАН БЕРІ КӨРЕРМЕН НАЗАРЫНА ТАҢЫП КЕЛЕДІ.**

**О**сы ұғым пайда болғанда мүйізі қарағайдай тілшілер мен сөз түзеушілер де жұмған ауызын ашпады. Үндемегені былай тұрсын, ақынның әйгілі қара сөзімен ұйқас тіркесіне мән бермеді. Анығында, бұл – данышпан Абайдың өлеңді сипаттаған анықтамасы емес пе еді? Біздіңше, сөз патшасы «қосылғыштардың орнын ауыстырғанмен, қосындының мәні өзгермейді» дейтін арифметикалық ережеге көне қоймаса керек. Оны бұрмалау қисынсыз. Өйткені ойлы адамның санасына жүк артатын әрбір сөздің өз орны бар.

*«Өлең – сөздің патшасы,*

*сөз сарасы,*

*Қиыннан қиыстырар ер данасы.*

*Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін  
айналасы...». Ақынның өзі айтқандай, осындағы әр тіркес, әрбір сөз орнында тұр.*

Иә, біз классикалық дүниеге атүсті қарасақ, деңгейімізді төмендетеріміз сөзсіз. Сонда сауатты түпнұсқадан ауытқуға түрткі болған не? Сөзді адам өнері деп бағалайтын халықтың оған көне салғаны ма? Абайды түзетуге тырысқан «мықтыны» білетін кісі бар шығар? Түсіндіретін, ұқтыратын ғалымдар қайда қалды? Бір анығы, сөз ұстануда өзімбілемге жол беру – мәдениетсіздік. Бұл – ақын атын иеленген телеарнаға, бүгінгі тіл мамандарына үлкен

сын деп ойлаймыз. Қалай дегенде мұндай ағаттықтың алдын алуға тиіспіз. Ұлттың мінін түзеу – Абай аманатына адалдықты, оның өлеңі мен қара сөзіндегі көркемдік пен ғақлияны, сынды ескеріп, өсиетін орындауды аңғартса керек. Бұқаралық ақпарат құралының да басты міндеті – жекелеген адамдардың емес, халықтың мұңын мұңдауға, елдің сөзін сөйлеп, атқарған ісін көрсетуге мүмкіндік туғызу.

Есесіне, қазір жекелеген адамдар теледидардан, биік мінберлерден өздері туралы «мен істедім», «мен тындырдым», «мен сөйттім», «мен

# « Б І З » Б Е Н « М Е Н » - Н І Ң А Р А С Ы

жасадым», «талап еттім», «мен жаздым», «мен енгіздім», «мен шештім» деп айтуға қысылып-қымтырылмайтын болды. Еңбек ұжымының басшысы, мемлекеттік құрылым жетекшісі болса да тек бірінші жақтан баяндап, жекеше түрде жазуға машықтанған. Осы жағын реттейтін редакторлар кемігендіктен бе, әйтеуір, өз атын шығарудың амалы көбейіп-ақ тұр. Алғашында ерсілеу естілген «мені» бүгінде жаппай белең алып, басымдық ала бастаған сияқты. Ал жауапкершілік жүгін мойынға алар тұста мұңдалап тұратын «мені» көмескілеу көрініп, тіпті естілмей де қалатыны өкінішті. Бұл – бір ақпарат құралына ғана емес, барлық саланың жауапты тұлғаларына түгел қатысы бар түйткіл. Дәстүрлі қанағатты, көпшілдікті меңзейтін

«Біз»-ден ат-тонын ала қашатындай оларға не көрінді?

Осы орайда халық батыры Бауыржан Момышұлының мына ойы еске түседі:

*«Мен істедім дегенше,  
Мың істеді десеңші,  
Мың істеді дегенше,  
Ер істеді десеңші,  
Ер істеді дегенше,  
Ел істеді десеңші.  
Мен мыңдікі болмасам,  
Ер елдікі болмаса,  
Кім істеді дер едің?». Мұнда ұлт*

даналығы тұнып тұр.

Өкінішке қарай, жеке бастың қамын күйттейтін жаман әдет ел ішіне жайылып кету қаупі бар. Ал базбіреулер қайырымдылық акциясында, түрлі қоғамдық іс-шарада тек жарнама (пиар) үшін ғана бой көрсететіні, камераға ғана жымиятыны жасырын емес. Ондай дағдыны, яғни өзіне-өзі фанат болып жүретін белгілі адамдарды халық әлдеқашан танып үлгерген. Бәлкім, жекелеген депутаттар, мемлекеттік қызметшілер мен іс адамдары осындай әрекеттері арқылы көпшіліктің көзіне бірден түсетінінен бейхабар да шығар. Сондықтан олардың әрдайым әдепті, жіті, абай болғанын қалар едік.

Сондай-ақ қазіргі ашық қоғамда жағымпаздық пен күншілдік дерті көзге ұрып тұратын болды. Одан біржола арылуды тегіне, жасына, лауазымына, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан іс басында жүрген ат төбеліндей азаматтар өздерінен бастағаны жөн. Олар өзгелерге үлгі көрсете алар еді.

Бірнеше жыл бұрын халық жазушысы Шерхан Мұртазаның 80-жылдығында бір азамат мерейтой иесіне жасаған ресми көмегін тізбелеп, сөз саптауда «менін» алдына сала берді. Сөйлеушіні жыға танымайтынын білдіріп, сол кездегі облыс әкімі Қанат Бозымбаев:

– Шерағаны жетекке алатындай мына кісі нешеде? – деп сұрады.

– «Мен» дегенін жиі айтқанына қарағанда жасы алпыстан асып кеткен шығар, – деп әкімді, күлкіге көмілген оның маңындағыларды әрең тоқтатқанымыз есімізде.

Тағы бір жиында жаңадан сайланған Мәжіліс депутаттарына ұнау үшін танымал бір ғалым ағамыз:

– Сендер келгелі Мәжілістің жұмысы көріне бастады. Бәрі ұйықтап отыратын жерді ояттыңдар. Шындықты шыңғыртып айтып жүрсіңдер. Жағдай түзелді, қымбатшылық тоқтады, – деп, жеп отырған тағамын жұта алмай, айтып-айтып тастады. Арасында отырған бұрынғы депутаттарды (кезінде оларға да осы сөздерді айтқан) көзге де ілмеді. Сонда:

– Ақыры мақтаған соң, «сендерге дейін Парламент болмаған еді, өздерің келіп құрып, аштыңдар ғой!» деп айта салсаңыз қатып кетер еді, – дегенімізде, сол мақтауды естігендердің өздері ыңғайсыз жағдайда қалған-ды.

Бұл нақты мысалдар өмір көрген, түйгені мол жасы үлкендердің өздерінің жағымпаздыққа бейім екендігін айғақтаса, екінші жағынан мұны көрген жастарды дәл солай қалыптасудан қорғап, өзге өнеге қажеттігін көрсетеді. Өйткені, кез келген ортада менмендіктің, өркөкіректіктің жұқпалы дерт екендігін байқау қиын емес. Ұятын кеудесіне емес, екі табанының астына жасырып, бөсетін, біреуді мақтаса – мақтаудың көкесін танытып, даттаса – ит терісін басына қаптап, тесікке тығып жіберетін жәдігөй, айлакер, жылпос жастар да бой көрсете бастады.

Мұндай екіжүзділікті, пасықтықты, тәкаппарлықты дініміз де айыптайды. Мысалы, хадистерде «мен»-ді жиі қолданбауға кеңес береді. Сірә, менмендікке бастайтын іс-әрекет, амалдардың қайырымсыз болатынын ескертсе керек. Жалған дүниенің, баянсыз тіршіліктің шындығын жырлап өткен, танымы терең ақын Есенғали Раушан бір мақаласында:

«Ал, айтыңызшы, «мен жасадым, менің пәрменіммен жасалды», «маған дейін ештеңе де, ешкім де болған емес...» деген сықылды сөзді сіз Жаратқан иенің қайсы аятынан, қай пайғамбардың қай хадисінен оқыдыңыз? Оқыған жоқсыз! Жаббар хақ «мен» демейді, «біз» дейді. Яки, «мен жасадым» демейді, «біз жасадық» дейді. Пайғамбарлар да солай» деп адамзатқа ортақ ақиқатты ақтарып-ақ жазған еді.

Өз заманында, кеудесіне нан пісіп, мекіренгендер көбейіп кеткен тұста да хәкім Абай: «Естілер де ісіне қуанбай жүр, ел азды деп надандар мұңаймай жүр» деп жазғанын білеміз.

Шын мәнінде, «біз» бен «мен»-нің парқын айыра алатын адам сөздің құдыретін ғана емес, ел мен жердің, адамның, қоғамның қадірін бағалай біледі деп ойлаймыз.

Дана Абайдың поэзияны «сөз сарасына» теңеуінің мәні де негізінен тыңдаушыға – мына сіз бен бізге бағытталғанын ұмытпалық.



**Дархан МЫҢБАЙ,**  
мемлекет және қоғам қайраткері

## ҚАЙ ЗАМАНДА ДА АДАМ БАЛАСЫ АДАЛ ЕҢБЕКПЕН ӨСІП-ӨНІП, СОНЫҢ ЖЕМІСІН ЖЕГЕН. АТАМ ҚАЗАҚ «БЕЙНЕТ ТҮБІ – ЗЕЙНЕТ» ДЕП БЕКЕР АЙТПАСА КЕРЕК.

**П**резидент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында былай деген болатын: «Озық ойлы ұлт болу үшін бүкіл қоғам сана-сезімін өзгертіп, жаңа құндылықтарды орнықтыруы керек. Әрбір адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш тағанды озық әрі табысты елге айналудың басты кілті деуге болады».

Әскери қызмет – мемлекеттік қызметтің ерекше түрі. Әскери ант жалпы бір-ақ рет беріледі және Отан қорғау ісін таңдап алған азамат оған өмір бойы адал болуға тиіс. Осы тұрғыдан алғанда басқаларға үлгі-өнеге болатұғын, үлкен құрметке лайықты отандастарымыз баршылық.



# АНТЫНА АДАЛ АЗАМАТ

Соның бірі – Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті Шекара әскерлерінің ардагері, запастағы полковник Жанарбек Мәдединов. Бірнеше рет отты нүктелерде бітімгершілік

борышын абыроймен атқарған Жәкеңнің бүкіл саналы ғұмыры елдің шетінде, желдің өтінде өтті десе болады.

Ол – Кеңестер Одағы кезінде даңқы дүркіреп тұрған Ф.Дзержинский атындағы жоғары әскери шекара училищесінің түлегі. Мектеп жасынан-ақ бала Жанарбек жасыл фуражкаға қызығып, офицер болуды армандаған. Сол үшін сабағын үздік оқып, спортты жанына серік етті. Жасөспірімдер арасында дзюдодан облыстық, республикалық жарыстарда жүлде алып жүрді. Кейін курсант кезінде училище намысын Одақ деңгейінде қорғады.

Спортпен достығы ыстық-суығы мол әскери қызметте талай рет кәдеге жарады.

Офицерлік жолын ит арқасы қияндағы Қиыр Шығыс әскери округінде застава командирінің орынбасары болып, Қытай шекарасынан бастады. Жерге ұрып алғандай пысық, өз кәсібін жақсы білетін жас маман бірден көзге түсті. Көп ұзамай жоғары қолбасшылық оны Кеңестер Одағының (тура мағынасындағы) ең ыстық нүктесіне – Кушкаға жіберді. Бірнеше жыл Ауғанстанмен шектесетін тұстағы заставаларда жауапты, командалық лауазымдарды атқарды. 1990 жылы ол алғаш рет нағыз «отты нүктеге» аттанды. Бұл армян-әзірбайжан қақтығысының ушығып тұрған уақыты еді. Үш ай бойы ұлтараздық кикілжіңнің соңы үлкен қырғынға ұласып кетпеуіне лайықты үлесін қосып, отбасына аман-есен оралды.

Артынша Кеңестер Одағы дейтін алып мемлекет бір күнде ыдырап кетті. Бірақ Шекара әскерлері әлі де сол орталыққа бағынатын, сондықтан картада жоқ мемлекеттің шекарасын күзетуді жалғастыра берді. Аға лейтенант Жанарбек Мәдединов қайта-қайта Мәскеуге рапорт жазып, Түркменстаннан



өз Отанына – Қазақстанға ауыстыруларын сұрады. Ақыры дегеніне қол жеткізіп, тәуелсіз елінің қорғаныс қабілетін нығайтуға белсене атсалысты. Жаркент және Үшарал шекара отрядтарында офицерлік командалық қызметте болды.

Осы кезде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының оңтүстіктегі шекарасындағы жағдай қатты шиелінісіп кеткен еді. Жанарбек Арзымбекұлының естелігінен: «Ауғанстанда шоғырланған заңсыз банды құрамалары белсенділік танытып, тәжік-ауған шекарасы маңында көптеген қарулы арандатушылықтар жасай бастады. Оның үстіне Кеңес Одағы ыдыраған соң материалдық-техникалық және қаржылық тұрғыдан тығырыққа тіреліп, әскери бөлімдердің білікті офицерлік құрамы тарап-тарап кеткен еді. Олардың орнына бастапқы әскери білімі жоқ ветеринарлар, мұғалімдер, агрономдар тағайындала бастады,

қырғыз бөлімшелері де көршілес аудандарда осындай міндеттерді жүзеге асыруға жіберілді.

Жалпы 1994 жылдың маусымынан 2001 жылдың ақпанына дейін ТМД-ның оңтүстіктегі ортақ шекарасын қорғауға он мыңнан астам қазақстандықтар қатысты. Олар шын мәнінде еліміздің ең алғашқы бітімгерлері болатын.

Осы уақыт ішінде Қазбаттың жеке құрамы елу рет қарулы қақығыстарда ысылып, жүзден астам шекара бұзушылықтың бетін қайтарып, бірнеше тонна есірткі заттарын, қаншама қару-жарақтарды тәркілеген.

Өкінішке орай адам шығына да болмай қалған жоқ. Жанарбек Мәдединовтің айтуынша, сегіз



екі рет (бірінші рет штаб бастығы, сосын батальон командирі ретінде) бастап барып, екеуінде де жүктелген тапсырманы абыроймен орындап, жауынгерлерін отты нүктеден еш шығынсыз шығарды.

Ауған шекарасынан оралған соң ол ҚР ҰҚК Шекара қызметі Әскери институтында ұстаздық етіп, бар білгенін болашақ офицерлерге үйретті. Кейін ҚР ҰҚК Шекара қызметі Астанаға қоныс аударғанда соның орталық аппаратында әртүрлі жауапты лауазымдарды атқарды.

Осы кезеңдерде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы қызметті реттейтін көптеген нормативтік-құқықтық актілерді, іргелес мемлекеттермен «Мемлекеттік шекара режимі туралы» келісімдерді әзірлеуге белсене және тікелей атсалысты.

Мінсіз әскери қызметі үшін бірқатар мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапатталған. Запастағы полковник Жанарбек Мәдединов құрметті демалысқа шықса да осы саладағы қызметін жалғастыруда. Сонымен қатар «Застава тарландары» қоғамдық ұйымы төрағасының орынбасары ретінде жастармен жиі кездеседі. Кезінде еліміздің шекарасын шегендеп, бекітуге ерекше еңбек сіңірген ардагерлерге деген қамқорлық та өз алдына жеке әңгіме.

Кәсіби қызметке де, қоғамдық жұмысқа да уақыт тауып, өмірдің қайнаған ортасында жүрген азаматтың бүгінгі абырой-биігіне адал еңбекпен жеткені анық.

**Абзал ИБРАГИМ,**  
Астана



бұл сәйкесінше шекарада көптеген қайғылы оқиғалар мен жағдайларға әкеліп соқтырды».

1993 жылғы 22 қаңтардағы ТМД мемлекеті басшыларының шешіміне сәйкес, Қазақстанның құрама батальоны (Қазбат) қалыптасқан дағдарыс кезеңінде тәжік-ауған шекарасын қорғау бойынша жауынгерлік тапсырманы орындауға аттанып болды. Қазақ батальонымен бірге орыс, өзбек,

жылдың ішінде 32 жауынгер қаза тауып, 38 сарбаз жарақат алған көрінеді.

Отан алдындағы борышын өтеудегі ерлігі үшін 55 әскери қызметші жоғары мемлекеттік наградаларға ие болды. Жыл өткен сайын олардың бейнесі биіктеп, асқақтай бермек. Себебі ерлік ешқашан ұмытылмайды.

Жанарбек Мәдединовтің өзі тәжік ауған-шекарасына Қазбатты

**ИСЛАМ ДІНІ — ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҰСТАНҒАН ДІН. ҰРПАҚТАН ҰРПАҚҚА МИРАС БОЛҒАН, ДӘСТҮРІМІЗБЕН АСТАСҚАН ИСЛАМ БҮГІНГІ КҮНІ ДЕ ӨЗЕКТІЛІГІН ЖОҒАЛТҚАН ЖОҚ. ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДЕГІ БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ САҚТАУДА НЕГІЗГІ ІРГЕ ТАСТЫҢ МЫҚТЫ БОЛУЫ ҚАШАННАН ДА БЕЛГІЛІ. БҰЛ ДІН МӘСЕЛЕСІНЕ ДЕ ҚАТЫСТЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ БІЗ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ «БӘЙКЕН» МЕШІТІНІҢ БАС ИМАМЫ БОЛАТБЕК ҚАЖЫ ҰЛАСҚАНҰЛЫМЕН СҰХБАТ ҚҰРДЫҚ. ОЛ АЛДЫМЕН ИСЛАМ ДІНІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТЫМЕН БӨЛІСТІ.**

**Б**ас имам түсіндіргендей, ислам дінінің атауы – «сәлем», «бейбітшілік» деген сөзден туындаған. Мұсылмандар да бір-бірімен «Ассалаумағалейкум» деп осы сөз арқылы амандасады. яғни «Алланың тыныштығы

мен сәлемі болсын» деп тілейді. Осыдан-ақ ислам дінінің бейбітшілік пен тыныштықты қалайтынын, қатыгездік пен бүлікті айыптайтындығын аңғаруға болады.

Құранда: «...Кім біреуді өлімнен құтқарып қалса, бүкіл адамзатты

өлімнен құтқарғандай болады...» деген аятта ислам гуманизмге, жақсылық жасауға жетелейтінін байқауға болады. Бір адамға болса да жақсылығыңды тигізіп, оның өмір сүруіне мүмкіндік жасалса, бүкіл адамзатқа қол үшін бергендей сауап жазылмақ. Сондықтан ислам дінін толық бейбітшілік діні ретінде қарастырамыз. Ислам діні ешқашан – соғысты, жаманшылықты, қиянатты, біреуге қиыншылық көрсетуді насихаттамайды.

Ислам діні бейбітшілікті насихаттайды, олай болса исламның мәдениетімізбен дәстүрімізге сабақтастығының рөлі қандай?

# ИСЛАМ ДІНІ БЕЙБІТШІЛІК ПЕН



Болатбек қажы бұл сауалға былай деп жауап берді:

«VIII ғасырда ислам біздің жерімізге келгенде бабаларымыз қылыштың жүзі, найзаның ұшынан қорқып қабылдаған жоқ. Оны өзінің ақыл-парасатымен, ойымен хақ дін, Мұхаммед пайғамбар рас екенін мойындап, содан кейін қабылдаған. Діндегі барлық дүниелер біздің мәдениетімізге, өркениетімізге, тұрмыс-тіршілігімізге, салт-дәстүрімізге еш қарсы емес. Керісінше, бізге үйлесіп тұрды. Содан бері ислам дінінен айрылып қалған емеспіз. Кешегі кеңес дәуірінде де жойылып кеткен жоқ. Енді сол дініміздегі шариғат көрсеткен қағида негізінде ұстануымыз керек. Исламда негізгі 4 мазһаб бар. Біз Ханафи мазһабын ұстанып келеміз. Өйткені бұл мазһаб, яғни мектеп біздің халқымыздың ғұмыр-салтына томпақ келмей, үйлесіп тұрды».





білетіндер имам болып кеткенін жасырмаймыз. Өйткені діндегі елге қызмет жасайтын азаматтар қарасы өте аз болды. Кейіннен қолдан үйретіп, екі жылдық Ислам институты ашылып, сол жерден білім берілді. Қазір мемлекет өзінің қарауына алып, гранттар бөліп, білім беруге жағдай жасап, имам болып қызмет атқаруына мүмкіндік бар.» – деп жауап берді ол.

Сонымен қатар, халқымыздың да діни сауаттылығын арттыруда діни басқарма қыруар шаруа атқарып келеді. Діни басқарманың ішінде Діни білім және кадр даярлау бөлімі және уағыз-насихат бөлімі ашылған. Бұл бөлімдер діни сауаттылықты

# ТЫНЫШТЫҚТЫ ҚАЛАЙДЫ

Қазақстанда Әбу Ханифаның діни-құқықтық жүйесі ғасырлар бойы қазақ халқы санасына сіңісті болып, ұлттық дағдыға айналған дәстүрлі жол болып саналады. Ханафи бағыты қалың бұқараны ахлақ (мінез-құлық) нормаларының биік бастауларына жетеледі. Ислам дініндегі діни-құқықтық жүйе халықтың дәстүрлі діни танымын тұғырландыруға, Қазақстандағы өзге дін өкілдері мен мұсылман қауымы арасындағы бірлікті қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Еліміздің мұсылмандары ұстанатын Ханафи мәзһабы бүкіл адамзатқа ортақ рухани-адамгершілік, өнегелік құндылықтарға бай. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының кіріспесінде «ханафи бағытындағы исламның халықтың мәдениетінің

дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлі танылады» деп атап көрсетілген.

Біз Болатбек қажыға «Қазіргі таңда еліміздегі діни сауаттылық деңгейі қандай? Тәуелсіздік алған жылдармен салыстырғанда елімізде мешіт имамдарының білімі мен біліктілігі едәуір жоғары шығар?» – деген сауал қойдық.

«Аллаға шүкір, қазір еліміздегі Нұр-Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университетінде жоғары білімді имамдар дайындайтын жалғыз оқу орны. Одан бөлек, Қазақстанда 9 медресе жұмыс істейді. Діни басқармаға қарасты қайырымдылық мекемелермен қатар, қасиетті кітабымыз Құранды жаттауға арналған орталықтар бар. Бұрынғыдай емес, аудан мен ауылдарға білімді имамдар барып жатыр. Бұрын енді Тәуелсіздік алған жылдары Фатиха сүресін

арттыру және жат діни ағымдармен жұмыс жасау бойынша қызмет атқарады. Халықтың діни сауаттылығын арттыру үшін діни басқарма БАҚ құралдарын және әлеуметтік желілерді де қолданады. Еліміздің барлық аймағындағы мешіттерде діни сауат ашу курсы бар. Тек ізденіп талаптану қажет.

Сұхбат соңында Болатбек қажы өз сөзін былай түйіндеді:

«Ислам діні – білім мен ғылым діні. Құрандағы ең бірінші аят – «оқы!» деп түскен болатын. Одан бөлек, «білімді мен білімсіз тең бе» деп Құранда келтіріледі. Білім алуға байланысты жүздеген аяттар түсірілді. Өйткені білімді адам – адаспайды.

Еліміздің болашағы зор, жастарымыз өсіп келе жатыр. Біз Жаңа Қазақстан жолында жұмыс жасай бермекпіз».

**Олжас ӘБДІХАЛЫҚ**

**ОЛ ҚҰРЫҒЫН ҚАРЫНА ІЛІП  
ТОБЫЛҒЫ ТОРЫ АТЫН ЖЕДЕЛ  
АЯҚДАТЫП АУЫЛДАН ШЫҒЫП  
БАРАДЫ. КҮНДЕГІ ӘДЕТІ ОСЫ.  
ҚЫСТЫҢ АҚ ТҮТЕК БОРАНЫНДА  
ДА, ЖАЗДЫҢ АҚ НӨСЕР  
ЖАУЫНЫНДА ДА ТАҢ АТПАЙ  
АТТАНЫП КЕТЕТІН ӘДЕТІ ОСЫ.  
ОНДАҒЫ ОЙЫ ҮЙІР-ҮЙІРІМЕН  
БЫТЫРАЙ ШАШЫЛҒАН  
ЖЫЛҚЫСЫН БІР ТҮГЕНДЕП  
ҚАЙТУ. ЖО-ЖОҚ, БҰЛ ЖАҚТА  
ЖЫЛҚЫҒА ТИЕ ҚОЯР ИТ-  
ҚҰС ЖОҚ. ӨТКЕН ҒАСЫРДЫҢ  
ТОҚСАНЫНШЫ ЖЫЛДАРЫНДА  
«БӘЛЕНБАЙДЫҢ ЖАБАҒЫСЫН  
ЖАРЫП КЕТІПТІ, ТҮГЕНБАЙДЫҢ  
ТУ БИЕСІН ТАРТЫП КЕТІПТІ»  
ДЕГЕН ӘҢГІМЕЛЕР ЖҮРЕТІН  
ЕЛ ІШИНДЕ. ҚАЗІР МАЗАНЫ  
АЛЫП, МАЛҒА ШАБА ҚОЯР  
ҚАСҚЫР ЖОҚ. ЕСЕСІНЕ, ЕКІ  
КӨЗІНДІ ТАЙДЫРСАҢ БОЛДЫ  
ЕКІ ЖЫЛҚЫҢНЫҢ БІРІН ЖОҚ  
ҚЫП ЖІБЕРУГЕ БАР ЕКІ АЯҚТЫ  
«ҚАСҚЫРЛАР» ПАЙДА БОЛҒАН.  
ОЛ СОДАН САҚТАНАДЫ.**

Бұл жақ орманды дала. Шоқ-шоқ қайың мен қалың тоғайлардың арасындағы алаңқай жазықтарда жылқы бағады. Анау бір қайыңды-талды орманның ортасы томар. Қыста қалың түскен қардың суы құрғақшылық жылдары ерте тартылса да, биылғыдай жаңбырлы жазда томар суы қара күзге дейін жетеді. Одан әріректе жайқалып егін жатыр. Ата кәсіпке ауыртпалық тудырып отырған да осы егістік алқабы. Бұл заманғы жылқы бағу баяғы заманмен салыстыруға келмейді. Кең далаға еркін жусатып жіберетін бұрынғы кез жоқ. Маңайдың бәрі егістік. Сондықтан күндіз бағып, түнде қамап әуреге түсіп жүргені. Егінге бір түсіп үйренген жылқы қанша аңдысаң да бәрібір түбі «ұрлық» жасайды.

Зеренді ауданының Сәкен Сейфуллин ауылында тұратын Абай Жүсіпалин Қамбар ата түлігін 1998 жылдан бері бағып келеді. Алғашқыда ауылдың жылқысын бағып, кейін өзі де мал жия

бастады. Қазіргі жағдайы жаман емес. Мемлекеттен субсидия алып, малға қыстық азық дайындайтын техникасын, қора-қопсысын салып, керек-жарағын түгендеп алған. Дегенмен жылқы бағудың да өз қиыншылықтары бар...

– Биыл Арқада қыс қатты болды. Қыстан аман шыға алдыңыз ба?

– Биыл қыс қатты болды ғой. Қар қалың жауып, одан кейін бірден жауын жауып, қайта қар жауып, ол қайтадан жаңбырға ұласты. Соның бәрі көк мұз болып қатып қалды. Жылқы біткеннің шашасы қиылып, қызыл ала қан болып, тебіндей алмай қалды. Түзде жүрген жылқының түгелге жуығы

қолға келді. Қыстың соңы жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін шағы – «ұзын сарыға» сақтаған азығымызға қаңтардың соңында ауыз салдық. Жиған жни-шөбіміз жетпей жатты. Талай қыс көрген мама биелер көтерем болып, тай-құнандар құлап жатты. Далада жейтін қылтанақ қалмаған соң орман ішіндегі бұта, талдарды кеміріп шықты жылқыларымыз. Тіпті даладағы малымызды ауылға айдап келуге мұршамыз болмай қалды. Мына тұрған жердегі көрші Қызылсая ауылында 250 бас жылқы жоғалды. Біразының өлімтігін тапты, бірақ көп жылқы ұшты-күйлі жоғалды. Біз әйтеуір ондай шығыннан адамыз. Бірақ көп бие

# ҚҰРЫҒЫ ҚҰТТЫ ЖЫЛҚЫШЫ



құлын тастап, биыл бие байлап, қымыз іше алмай отырмыз...

**– Жайылымдық жердің мәселесі қалай болып жатыр сіздерде?**

– Жайылым жағы қиындау. Жер аз ғой. Айнала егін. Жайылымдық жерді 49 жылға жалға алу үшін құжаттарымызды тапсырғанбыз. Биыл мамыр айында белгілі болады деп еді. Күзге шегерді. Әкімдіктен сұрастырсақ, әлі белгісіз дейді. Жаздың ыстығында жылқымыз иіріліп, бір маңайда жүреді. Ол кез аса қиын емес. Күз жақындап, күн суытқанда жылқы тоқтамайды ғой. Жүре береді. Егінге түсіп кете ме деп соңынан аңдимыз да жүреміз. Біреудің қыс бойы сақтап, көктемде еңбекпен еккен егістігін күз келгенде жылқы тұяғына таптата салуға ұятым жібермейді. Бұл өзі жалғыз менің мәселем емес. Ауылдың жылқысы да жайылым таппай жүр. Екі табын жылқыны ауылдың екі жағында әуірімдеп бағып жүрміз әйтеуір.

**– Мемлекеттен қандай да бір көмек алып көрдіңіз бе? Жалпы мал өсіріп, кәсібін дөңгелетем деген адамға қолайлы мүмкіндіктер бар ма?**

– Мемлекеттен субсидия алдым. Өзімнің жиған қаржым бар, мемлекеттің көмегі бар, барлығы 21 миллион теңгеге қолдағы бар малыма қыстық азық даярлайтын трактор, шөп шабатын, жинайтын, артатын, оны жеткізетін қазіргі заманауи техниканың бәрін түгендеп алдым. Шабындық жерге еш алаңдамаймын. Менің уайымым сол жайылымдық жер. 1000 гектар жерім болса, жылқыға берілетін субсидия алып, мал басын тағы да көбейтіп алғым келеді.

**– Жылқыларыңызды сатып, не етке өткізіп пайда табасыз ба?**

– Біздің жылқылар көбіне қыстық соғым кезінде жақсы өтеді. Қара күзде бордақыға байлаған мал екі-үш аптада екі-үш елі қазы беретіндей семіреді. Сол кезінде қымбатқа сатасың. Ал көктем мен жазда жылқыны көп бордақыламаймыз. Бірді-екілі той томалақ, өлім-жітімге болмаса, жазда малыңды өткізу



қиындау. Шіркін, ет қабылдайтын қасапханалар, цехтар мен комбинаттар болса ғой. Онда босқа бордақылап отырғам жоқ қой, уақыты келгенде міндетті түрде өткіземін деген сеніммен байлар едің баққан малыңды.

**– Жылқыларыңыздың тұқымы қандай? Тұқымын асылдандыру ойыңызда жоқ па?**

– Біздің жылқылар қазақтың кең даласында ғасырлар бойы жайылып, өз күнін өзі көретін ыстыққа да, суыққа да төзімді қазақы жабы жылқы. Ұлдарым көкпарға қызығып, осы үйге талай текті айғыр әкелдім. Жылқыға қостым. Дон жылқысы, Қостанай, Орловтың желісті айғырлары бар, қырғыздан көкпарға түсер екі мақтаулы айғыр әкеп қостым. Арқаның аязына шыдас бермеді. Қоранда құтырып тұрғанмен, далаңда бүріседі де қалады. Олардан кейін құтылуға асық болдық. Бәріне төзімді, бәріне көнбіс қазақы жылқыға жетері жоқ екен.

**– Ел ішінде жылқышыларға деген сый-құрмет, жөн-жоралғылар сақталған ба?**

– Қазақ қай кезде де дәстүр мен салтты берік ұстанып келді. Қазіргі

ел еркіндік алып, арқамызды кеңге салған заманда, бабадан қалған салтты ұстанбай не көрініпті бізге?! Аттың қай жағынан мініп, қай қолыңа қамшы ұстау, қай қолыңда тізгін ұстау керегін біздің бүлдіршін балалар бұлжытпай орындап, тақылдап айтып береді. Әрине, келген қонаққа қазан көтеріп, жөнімен, жолымен мүше тарту. Қымызмұрындық, соғымбасы шақыру дейді, жұрт біз омыртқаға шақырамыз. Биесі құлындаған үй жылқышыны көтенге шақырады. Құрықтан, желіден аттамау. Жылқышының құрығын рұқсатсыз алмау. Сатқан не айырбастаған малыңның бір-екі тал жалын қиып, сілекейін алып қалу. Атыңды берсең де жүгеніңді бермеу секілді күнделікті тұрмыста қолданатын қаншама ырым-нанымдарымыз, салт-дәстүріміз бар. Жазылмаған дала заңдарын біз сақтамасақ кім сақтайды?!

**– Әңгімеңізге рахмет! Үйіңіз жиынды, жылқыңыз үйірлі, құрығыңыз құтты болсын, аға!**

**Мерген ТОҚСАНБАЙ,**  
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі



**ЖАНБОЛАТ СҮЙІНБАЙ:**

## БҰЛ ӨНЕР БАБАМНАН ДАРЫҒАН

**ТҮРКИСТАН ОБЛЫСЫ, ОТЫРАП АУДАНЫ, ШӘУІЛДІР АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ, ҚОЛӨНЕР ШЕБЕРІ СҮЙІНБАЙ ЖАНБОЛАТ ТАСБОЛАТҰЛЫНЫҢ АТ ӘБЗЕЛДЕРІН ӨНДІРІП КЕЛЕ ЖАТҚАНЫНА 30 ЖЫЛДЫҢ ЖҮЗІ БОЛЫПТЫ. JASQAZAQ.KZ ТІЛШІСІ МӘДЕНИ МҰРАМЫЗДЫ ДӘРІПТЕП КЕЛЕ ЖАТҚАН ЖАННЫҢ ОҚЫРМАНДАРҒА ТЕРЕҢДЕЙ ТАНЫСТЫРУ ҮШІН ТІЛДЕСКЕН ЕДІ.**

«1992 жылдан бастап әкемнің жанына еріп ұстаханасынан шықпайтын едім. «кемнің нағашы атасы Оспан қарияның қолынан шыққан бұйымдары көздің жауын алатын, қараған кісі қызығып, сатып алмай кетпейтін шебер болыпты. Сол кісінің де зергерлігі дарыған шығар деп пайымдаймын. Нағашысының шеберханасында ер шабуды үйренген әкем кейін есейген соң ұсталықты кәсіпке айналдырып, отбасын асырады. Бүгінгі күнде қайтадан салт-дәстүрімізді жаңғыртып, санамызда сілкініс болғаны қуантады», – дейді шебер.

Қолөнер шебері ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, өрісін ұлғайту жолында жиі-жиі көрме мен саяхат ұйымдастырған дұрыс дейді.

«Қаланың баласы түгілі, бүгінде ауылдың балалары да ат әбзелдерін

күнделікті қолданып жүрмегендіктен біле бермейді. Ер тоқым деп жалпылама айтылғанымен, ердің астына салынатын тоқымның, ішкіліктің, құйысқан, өмілдіріктен, үзеңгі баудан тартып қанжығаға дейін өзіндік атаулары болатынын жастар ажырата алмай жатады. Ер-тұрманды ағаш түрлерінен шауып та, түрлі ағаш қиындыларынан құрап та жасап шығуға болады. Ең мықтысы – ағаштан шабылған ер тоқым. Бір ер-тұрманды әбзелдерімен дайындау үшін бір ай уақытымызды сарп етеміз», – дейді Жанболат Тасболатұлы. Ертеде ата-бабаларымыздың байлығы, мырзалығы, сал-серілердің атақ-абыройы, беделі астындағы атынан ғана емес, тақымындағы ерінің әсемдігімен де айшықталғанын айтады шебер. Айылдың өзін

күміспен күштеп, алтынмен әдіптеп көмкеріп жасалатынын, өмілдіріктің эстетикалық шебер талғамнан шыққаны сондай адамдардың көзі бірден аттың омыруындағы өмілдірікке түсетінін жеткізді.

«Қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет ғұрпында жүген-ноқта ілінген босаға бәле-жала жуымайтыны туралы айтылар аңыз көп. Жапан жалада адасқан жолаушы түнде қасқырдан қорыну үшін, жылан шағып алмасын деп айналасын шылбыр-тізгінмен шеңберлей қоршап қояды. Жылқының иісі сіңген затқа жылан жуымайды» деген шебер Жанболат Тасболатұлы ырымшыл қазақ халқы өмірге ұл ғана емес, қыз баласы келгенде де шеберлерге бір тоғыз бастатқан еңбекақысын беріп, ашамай ер жасатып отырғанын



айтады. Бұғанасы бекіп, буыны қатайған бала алдымен ашамай салынған тайына міну арқылы ат құлағында ойнауды игерген. Ұмыт бола бастаған ашамайға да ара-тұра тапсырыс берушілер бар көрінеді.

**Жазып алған  
Қуан КӨШЕК**

**Бас редактор**

**Срайыл СМАЙЫЛ**

**Гүлнар АХМЕТОВА**  
Директор

**Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ**  
продюсер-менеджер

**Ғалия ҚАЛИЕВА**  
дизайнер/фотосуретші

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**Әбубәкір СМАЙЫЛОВ**  
Астанадағы меншікті тілші

**Мақпал НОҒАЙБАЕВА**  
редактор

**МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС**

Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:

Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85,  
№214 кеңсе

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25  
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)